

Мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелерін шығару туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жыл 24 ақпандағы N 256

"Тұранбанк" қазақ акционерлік банкі мен Alembank Kazakstan қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 15 қаңтардағы N 73 P970073_ қаулысын орындау және "ТұранӘлем Банк" акционерлік қоғамының өтімділігін жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1997 жылға арналып көзделген және "ТұранӘлем Банк" жабық акционерлік қоғамының капиталын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген нормативтердегі деңгейге дейін жеткізу үшін қажетті қаражат шегінде кейін оларды "ТұранӘлем Банк" жабық акционерлік қоғамына беретін болып мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелерін шығаруды жүзеге асырсын;

мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелерді уақтылы өтеуді 1997 жылдың бюджетінде осы мақсаттарға арнап көзделген қаражат шегінде жүргізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі